

1-БЛОК: Әлеуметтік педагогика***Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

1. Француз педагогы Поль Робен бойынша тәрбиенің маңызды бағыттары
 - A) Рухани және зияткерлік
 - B) Табиғи және әлеуметтік
 - C) Діни және қоғамдық
 - D) Қоғамдық және ұлттық
 - E) Адамгершілік және азаматтық

2. В.В. Краевскийдің анықтамасы бойынша әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы:
 - A) Қоғамның даму жағдайларының жиынтығы
 - B) Әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыру жүйесі
 - C) Әлеуметтік педагогикалық білімдер жүйесі
 - D) Педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру
 - E) Әлеуметтік жағдаяттарды талдау туралы теория

3. Еңбектерінде жекелеген тұлғалармен және ұжымдармен жұмыс істеудің алуан түрлі әлеуметтік-педагогикалық технологиялары алғаш рет көрініс тапқан автор
 - A) А.С.Макаренко
 - B) А.Н. Леонтьев
 - C) Л.С. Выготский
 - D) Н.И. Пирогов
 - E) К.Д. Ушинский

4. «Әлеуметтік» (лат.socialis) сөзінің мағынасы
 - A) Азаматтардың құқығын қорғауға байланысты мамандар қоғамы
 - B) Балаларды тәрбиелеу және қайта тәрбиелеумен айналысатын құзырлы орын қоғамы
 - C) Мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау қоғамы
 - D) Қоғамдық – адамдардың әл ауқаты төмен отбасыларға көмектесу қоғамы
 - E) Қоғамдық – адамдардың өмірімен және қарым-қатынастарымен байланысты

5. Әлеуметтік педагогиканың логикалық-гнесеологиялық негізі
 - A) Үдерісті анықтайды
 - B) Құзырлығын анықтайды
 - C) Практикасын анықтайды
 - D) Мазмұнын анықтайды
 - E) Функциясын анықтайды

6. Әлеуметтендірудің әлеуметтік-педагогикалық тетіктері:
- A) Арнайы бөлім институттары
 - B) Әлеуметтік институттар
 - C) Мамандандыру институттары
 - D) Білім беру институттары
 - E) Біліктілікті арттыру институттары
7. Технологиялық фактормен байланысты әлеуметтік педагогика ұстанымы
- A) Баланың дамуында борыш, парыз, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру
 - B) Ортаның тәрбиелік әлеуетін ескеру, ортанының педагогикалық сауаттылығын көтеру
 - C) Тұлғаны жас кезінен бастап ұлттық салт-дәстүр, мәдениет құндылықтарымен таныстыру
 - D) Тәрбиелеудің саналылық, белсенділік, ұнамды қасиеттерге сүйену, сабақтастылық ұстанымы.
 - E) Оқу-тәрбие үдерісінде баланың табиғатын ескеру
8. Орта факторына негізделген әлеуметтік педагогиканың ұстанымдары
- A) Мектеп жағдайында тәртіп көрсеткіштері төмен балалармен тәрбие жұмыстарын белсендіру
 - B) Сыныпта оқушыларды шағын топқа бөлу арқылы сабаққа қызығушылықтарын арттыру
 - C) Ортаны педагогикаландыру, өмір мен тәрбиенің бірлігі, тәрбиелеу ортасының ашықтығы
 - D) Тұлғаның ортағы бейімделуіне әрекет жасау, ықпал ету
 - E) Тұлға қалыптастыруда оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүйелі ұйымдастыру
9. XX ғ. белгілі поляк педагог-гуманисі Януш Коршак бала туралы
- A) Бала ересек адамның ішкі формасы
 - B) Бала ақымақ емес: ересектермен салыстырғанда, олардың арасында ақымақтар көп емес
 - C) Баланың өзіне тән әлемі бар, ол біздің әлемнен ерекше
 - D) Балалықты ешкім білмейді, ол туралы қалыптасқан жалған түсініктер қателіктерге жол береді
 - E) Бала шетелдік тілді түсінбейді, көшенің бағытын және заңын түсінбейді

10. Әлеуметтік педагогика ұстанымдары
- A) Баланың ағзасындағы даму ерекшеліктерін қадағалайды
 - B) Әлеуметтік педагогтың жеке тұлғамен жұмыс жүргізуін ұйымдастырады
 - C) Мектеп оқушыларның сабақ үлгеріміне қойылатын талаптарды реттейді
 - D) Сынып жетекшісінің тәрбие жоспарына қойылатын талаптар жиынтығын құрайды
 - E) Әлеуметтік педагогтың теориялық негіздемелері мен практикалық қызметінің міндетті ережелері мен талаптарын ұсынады
11. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің объектілері
- A) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы
 - B) Білім беру жүйесі
 - C) Бастауыш білім беру мектептері
 - D) Арнай білім беру мекемелері
 - E) Әлеуметтік бағыттағы мекемелер
12. Қарым –қатынаста сөйлеуді толықтыратын ерекше коммуникативті жүйелер ретіндегі паралингвистикалық элементтер жиынтығы:
- A) Дауыстың сапасы, екпіні, сөйлеу темпі
 - B) Отыру қалпы, жест
 - C) Ишарат білдіру, мимика
 - D) Дауыстап сөйлеу, дауыс ырғағы
 - E) Қол сермеу, ораторлық өнер
13. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетке жатпайтындар:
- A) Тұлғалардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған
 - B) Оңтайлы, саналы түрде ұйымдасқан іс-әрекет
 - C) Тұлға аралық қарым-қатынасқа бағытталған
 - D) Материалдық объектілерге бағытталған
 - E) Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған
14. Тіл – қарым -қатынас құралы ретінде
- A) Әлеуметтік қарым-қатынас
 - B) Көптің алдында сөйлеу
 - C) Әлеуметтік қамсыздандырылу құралы
 - D) Білім алу, хат жазу, ауызша баяндау
 - E) Тіл - психологиялық құрал, мәдениет көрсеткіші
15. Әлеуметтік педагог – әлеуметтік іс-әрекеттің ...болып табылады
- A) Объектісі
 - B) Нысаны
 - C) Субъектісі
 - D) Орындаушысы
 - E) Тасымалдаушысы

16. Жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуын анықтайды:
- A) Тұлғаның мамандық таңдаудағы көзқарасына отбасының әсері
 - B) Тұлғаның әлеуметтік кемелденуін анықтайтын әлеуметтік даму динамикасы
 - C) Тұлғаның дене дайындығын анықтайтын үдеріс
 - D) Тұлғаның материалдық қамтамасыз етулі және қауіпсіздік шеберінің айқындалуы
 - E) Тұлғаның әлеуметтік табыстылық деңгейінің көрсеткіші
17. Бейімделу барысында өзіндік белсенділікті анықтайды
- A) адамның өзі
 - B) мектеп
 - C) отбасы
 - D) әлеуметтік педагог
 - E) ата-ана
18. Бейімделу сөзінің ғылыми термині
- A) Реадаптация
 - B) Манипуляция
 - C) Адаптация
 - D) Деадаптация
 - E) Реабилитация
19. Адамның бейімделуі
- A) Физиологиялық және интеллектуалдық
 - B) Философиялық және социологиялық
 - C) Педагогикалық және психологиялық
 - D) Антропологиялық және диентологиялық
 - E) Биологиялық және психологиялық
20. Деадаптация түсінігі
- A) Бейімделу
 - B) Бір текті үдеріс
 - C) Бейімделмеу
 - D) Бейімделмеуді жою
 - E) Ықпалдасу

21. Білім беру кешені ретіндегі әлеуметтік педагогиканың (ғылыми-білім беру) функциялары
- A) Жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісін инновациялық технологиялармен қамтамасыз ету
 - B) Бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін көтеру
 - C) Әлеуметтік педагогтың жеке тұлғасының кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту
 - D) Жалпы білім беретін орта мектептерде жаңартылған бағдарламаларды енгізу
 - E) Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін заманның жаңа талаптарына сәйкес дайындау
22. Әлеуметтік тәрбиені жүзеге асыруда жетекші роль атқарады:
- A) Балабақша
 - B) Жеке әлеуметтік орта
 - C) Мектеп
 - D) Орта
 - E) Отбасы
23. Әлеуметтік тәрбиенің негізгі міндеті
- A) Әлеуметтік әрекеттің ынтымақтастық рухын сезіну
 - B) Қоғамдық тұрақтылықты орнату
 - C) Оқуға қызығушылықтарын арттыру
 - D) Тұлғаларды жұмыспен қамту
 - E) Оқушыларға өз құқықтарын білуді үйрету
24. Әлеуметтік тәрбиенің мағынасы
- A) Қарттарды қоғамдағы өзгерістерге бейімдеу
 - B) Тұлғалық ерекшеліктерді анықтау
 - C) Баланы шынайы өмірге дайындау
 - D) Тұлғалардың жоғарғы білім алуын қамтамасыз ету
 - E) Оқу үдерісін жақсарту
25. XIX ғасырда конфессиялық-догмалық тәрбиені қызу қолдаған философ:
- A) Ф.Ницше
 - B) В.Ферстер
 - C) Ю.Конт
 - D) И. Кант
 - E) В. Гегель

26. Әлеуметтену үдерісінде «қиын» балалардың қалыптаспауының алдын-алу жолдары
- A) Балаларды топ серуенге шығару
 - B) Тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру
 - C) Оқушылардың зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру
 - D) Сабақта оқушылардың белсенділіктерін көтеру
 - E) Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру
27. Тәрбиелеудің, түзетудің, қайта тәрбиелеудің белгілі бір мақсатына қол жеткізуге бағытталған тәрбиелік ықпал етудегі адамгершілікке сүйену негізі
- A) Жазалау
 - B) Мадақтау
 - C) Ынталандыру
 - D) Сенім арту
 - E) Үйрету
28. Жеткіншек кезеңде қауіп-қатерге соқтыру жағдайы
- A) Білім мекемелерінде әлеуметтік қызметтің жүйелі ұйымдастырылу жағдайы
 - B) Адамның жеке және әлеуметтік өмір тіршілігі арасындағы үйлесімді жағдайлар
 - C) Өзін-өзі бақылау дағдысының қалыптасып, бекіменгендігі
 - D) Мектепте оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру жағдайында
 - E) Әлеуметтік педагогика мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік саясатына ықпалдасу жағдайында
29. Балалардың өз бетімен тәуелсіз, еркін жүруіне әкеліп соғады
- A) Ынтымақтастық
 - B) Қатаң қадағалау
 - C) Қамқорлық
 - D) Бетімен жіберген бойкүйездік
 - E) Тыныштықты бірге күнелту
30. «Қиын» оқушылардың пайда болуына себепші факторлар
- A) Ұлттық салт-дәстүрді әлеуметтендіру әдістері ретінде пайдалану
 - B) Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы
 - C) Жасөспірімдердің дұрыс қалыптасқан мінез-құлқының көрінісі
 - D) Отбасының тәрбиені рухани адамгершілік бағытта ұйымдастыруы
 - E) Мектептен тыс тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылмауы

31. Ызақорлық мінез-құлықтың көрінуі
- A) Мінезінің теріс тұстарын жөндеуге тырысуы
 - B) Жағымды сезім түрімен ойын жеткізу
 - C) Балалар ұжымында достық сезімі ояну
 - D) Ашуланшақтық, дөрекілік
 - E) Абай болуға бағытталу
32. Баланы қиын мінез-құлықты болдырмаудағы отбасының рөлі
- A) Отбасындағы жағымды адамгершілік қалыптарын, отбасы ішілік қарым- қатынастырды сақтау
 - B) Баламен жасөспірімді тәрбиелеуде алдын- алу жұмыстарын ұйымдастырмау
 - C) Тәрбиенің адамгершіліктен тыс жағымсыз бағыттары
 - D) Ата -аналардың моральдық бұзылуы
 - E) Болашақ ата-аналарды отбасылық өмірге дайындауда олқылықтар жіберу
33. Балалардың өз бетімен тәуелсіз, еркін жүруін қамтамасыз етеді
- A) Ынтымақтастық
 - B) Қамқорлық
 - C) Бетімен жіберген бойкүйездік
 - D) Тыныштықта бірге күнелту
 - E) Диктат
34. Ата-анасы жоқ, жаңа отбасына түскен балалар
- A) Еркелер
 - B) Жетім
 - C) Асыранды
 - D) Дарынды
 - E) Ерекше
35. Ата-аналардың балаларына қанша уақыт, зейін, күш жұмсауына анықтайтын деңгей
- A) Талап-тыйым салудың төмен деңгейі
 - B) Жасөспірімнің қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі
 - C) Жөнсіз құптаушылық, ерік берушілік
 - D) Міндеттердің төмен деңгейі
 - E) Ықпалдық ағым деңгейі
36. Отбасы тәрбиесінің демократиялық стилінің нәтижесінде
- A) Балаларын еш нәрседен шектемейді
 - B) Балаларға мүлдем тиым салынбайды
 - C) Жазалау қолданылмайды
 - D) Жазалау жиі қолданылады
 - E) Ата-аналарына қол көтерулері байқалады

37. Ата-ананың біреуінің жанұяның басқа мүшелеріне қатысты қатаң талаптары, басымдық көрсетуі
- A) Ынтымақтастық
 - B) Тыныштықты бірге күнелту
 - C) Бетімен жіберген бойкүйездік
 - D) Қамқорлық
 - E) Диктатор
38. Отбасының басты міндеті
- A) Қоғамдық, топтық және жеке дара қажеттіліктерді қанағаттандыру
 - B) Балалардың көзінше ата-аналарының жанжалдасуын жою
 - C) Бала қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы тәрбиелеу
 - D) Баланы ақпараттандыру арқылы танымын дамыту
 - E) Ата-аналардың үстемдігімен сипатталатын тәрбиені қалыптастыру
39. Отбасылық тәрбие мазмұнының құрамдас бөлігінің бағыттары
- A) Педагогикалық, эстетикалық, психологиялық
 - B) Адамгершілік, интеллектуалдық, философиялық
 - C) Интеллектуалдық, эстетикалық, гуманитарлық
 - D) Дене шынықтыру, адамгершілік, интеллектуалдық
 - E) Психологиялық, педагогикалық, философиялық
40. Ата-аналардың үстемдігімен сипатталатын тәрбие стилі
- A) Авторитарлық- либеральды стиль
 - B) Демократиялық - авторитарлы стиль
 - C) Либеральдық стиль
 - D) Демократиялық стиль
 - E) Авторитарлық стиль
41. Кез-келген сезім мүшелері арқылы алған ақпаратты ұмытпайды
- A) Кинестетиктер
 - B) Дискреттер
 - C) Визуалдар
 - D) Аудиалдар
 - E) Дальтондар
42. Вербалды ақпарат таратылады
- A) Құралдар арқылы
 - B) Басылымдар арқылы
 - C) Ауызша, сөз түрінде
 - D) Тәжірибе арқылы
 - E) Жазбаша түрінде

43. Балалардың жақсы қабылдайтын ақпарат түрі
- A) Дыбыстық ақпарат
 - B) Вербальды ақпарат
 - C) Бейнелі ақпарат
 - D) Тәжірибелі ақпарат
 - E) Таңбалы ақпарат
44. Ақпаратты құлақпен естіп қабылдаушылар
- A) Аудиалдар
 - B) Дискреттер
 - C) Дальтондар
 - D) Визуалдар
 - E) Кинестетиктер
45. Таңбалы ақпарат дегеніміз
- A) Сөйлеу
 - B) Көзбен көру
 - C) Иіс сезу
 - D) Қолмен ұстау
 - E) Дәмін сезу
46. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі саласы
- A) Құқық қорғау органдары
 - B) Білім беру мекемелері
 - C) Спорттық дайындау мекемелері
 - D) Тұрғын үймен қамтамасыз ету ұйымдары
 - E) Денсаулық сақтау салалары
47. Әлеуметтік педагогикалық қолдау –дегеніміз
- A) Түзету орталықтарының администрациясымен бірлескен тәрбиелік шара ұйымдастыру
 - B) Баланың отбасында жеке қызығушылығы бойынша жұмыстарын қанағаттандыруға орай құрылған бағдарлама
 - C) Дене тәрбиесін дамыту мақсатында спорт кешендерінің салынуын қадағалау
 - D) Адамдардың өмірлік өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге бағытталған арнайы әлеуметтік шаралар кешені
 - E) Мұғалімдердің кәсіби біліктілік курстарынан өтуге жағдай жасау

48. Әлеуметтік педагогтың этикалық кодексі
- A) Адамгершілік мінез-құлқы мен кәсіби іс-әрекетінің талаптары мен ережелерінің жүйесі.
 - B) Кәсіби мамандарды дайындау мақсатында ұйымдастырылған білімдер жүйесі
 - C) Сабақ мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау жүйесі
 - D) Тәрбиенушілердің дербес ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған әрекет
 - E) Жеке қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған әлеуеті
49. Әлеуметтік педагогикалық міндеттер:
- A) Білім берушілік, түзету, тәрбиелік
 - B) Тәрбиелеу, оқыту, еңбекпен қамту
 - C) Танымдық, түсіндіруші, ғылыми
 - D) Танымдық, түзетушілік, кәсіпке баулу
 - E) Диагностикалық, болжаулық, қайта құрушы
50. Әлеуметтік педагогтың адамгершілік әлеуетінің дамуы
- A) Кәсіби өзін-өзі жетілдіру, мінез-құлықтың жағымды жақтарының артуы
 - B) Тәрбие жұмыстарын жоспарға сәйкес жүйелі ұйымдастыру
 - C) Білім беру жүйесінде тұлғаның дамуы мен жетілуін зерттеу
 - D) Жеке дара ерекшеліктеріне байланысты дәрежесінің өсуі
 - E) Оқу-тәрбие әдістерін тиімді пайдалану

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Отбасы тәрбиесінің нормативтік-құқықтық негіздері:
- A) Патриоттық тәрбие беру бағдарламасы
 - B) «Қамқоршылық және қорғанушылық ұйымдар» туралы Заң
 - C) «Отбасылық балалар ауылы және жастық шақ үйлері» ұйымдастыру бағдарламасы
 - D) Тәрбие беру тұжырымдамасы
 - E) «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» Заңы
 - F) Салауатты өмір салтын ұстану бағдарламасы
 - G) «Бала құқықтары туралы» Заңы
 - H) «Отбасы және неке» Заңы
52. Әлеуметтік педагогикалық тәрбиенің негізгі міндеті:
- A) Әлеуметтік педагогикалық қызметтің ынтымақтастық рухын дамыту
 - B) Жеке тұлғалық қарым-қатынасты нығайтуда тренинг жүргізу
 - C) Әлеуметтік жағдайы төмен тұлғаларды жұмыспен қамту
 - D) Білім беру жүйесінде тұлғалардың әлеуметтік белсенділіктерін дамыту
 - E) Қоғамдық мүддені жеке басының қызығушылығынан төмендетпеуге үйрету
 - F) Қоршаған ортаның әсерін анықтау мақсатында эссе жазу әдістемесін үйрету
 - G) Білім беру жүйесінде қоғамдық тұрақтылықты орнату
 - H) Тұлғалардың қызығушылықтарына орай құқықтарын білуді үйрету
53. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет
- A) Бұл басқарудың ғылыми негізі экономикалық жағдайда адами ресурстардың аз шығындалып көп пайда табуын ұйымдастыру.
 - B) Білім беру мекемелерін басқару – терең меңгеруді қажет ететін ғылыми білімдер жүйесі, және туа біткен қабілетті, ерекше дарындылықты, талап ететін өнер.
 - C) Заманауи білім беру мекемесінің басшысы – ол тек қызмет қана емес, кәсіп те, өйткені бұл қызмет кәсіптің барлық белгілеріне ие
 - D) Оқиғалы – диалогтік сипаттағы адамның адаммен тілдесуі. Әлеуметтік жұмыс бірігушілік сипатқа ие, ол – өзара қарым-қатынас
 - E) Елімізде өскелең ұрпақтың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту және одан әрі арттыру
 - F) Мектеп әлеуметтік педагогикалық үдерісі көп деңгейлі және көпқұрылымдық құбылыс, себебі, ол өзінен кейінгі деңгейдегі жүйелер
 - G) Қолайлылықты, қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қажетті қызмет түрі
 - H) Білім беру, оқыту және тәрбие беру, әлеуметтік-мәдени бағдарламалар мен қоғамдық мұраны қабылдау мен тасымалдау үрдерістері жатады

54. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет жүзеге асырылады:
- A) Оқушының теориялық білімді меңгеруімен
 - B) Мемлекеттің қолдауымен
 - C) Оқушының алған білімін қоғамдық практикада қолдану іскерлігімен
 - D) Тәрбиенің әдіс-тәсілдері мен түрлері арқылы
 - E) Дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеяларды жанама түсінуімен
 - F) Материалдық жабдықталумен
 - G) Өмірлік іс-әрекет компоненттеріне дағдылануымен
 - H) Әлеуметтік педагогтың кәсібилігімен
55. Баланың әлеуметтік-мәдени әлемінің көрінісі
- A) Өміршендік ортасында
 - B) Ересек адамдардың ережесінде
 - C) Әлеуметтік-педагогикалық сипатта
 - D) Кәсіби ортаның жүйесінде
 - E) Нақты әлеуметтің жүйесінде
 - F) Спорт әлеміндегі талаптарда
 - G) Еңбек тәртібі талаптарында
 - H) Сабақ жоспарында
56. Ойынның әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктері
- A) Дене қимылдарының даму ерекшеліктерінде
 - B) Баланың физикалық даму ерекшеліктері
 - C) Психофизиологиялық даму ерекшеліктері
 - D) Ойынның ұлттық тұрмыс ерекшеліктері
 - E) Психологиялық дамыту мүмкіндіктері
 - F) Этникалық ортаның компоненттері
 - G) Ақыл-ойды дамытудың ерекшеліктері
 - H) Ойын мазмұнындағы әлеуметтік нормалардың ерекшеліктері
57. Балалар мен жасөспірімді тәрбиелеудегі кемшіліктер:
- A) Отбасы тәрбиесінің кемшіліктері
 - B) Баланы кез келген өмірлік мәселелерден алшақтату
 - C) Жасөспірімнің тұлғалық талаптануындағы ауытқуы
 - D) Баланың мінез құлқы, іс қимылының әлеуметтік ауытқуы
 - E) Баланың және жасөспірімнің жағымсыз өзіндік ұстанымы
 - F) Ата аналармен дұрыс қарым қатынас жасай алмау
 - G) Баланы, жасөспірімді ішімдіктерге, нашақорлыққа шылым шегуге, құмар ойынға тарту
 - H) Әлеуметке қарсы тұрақты тәртіп

58. Девианттыққа жылдам берілетін баланың сипаттамасы:
- A) Сабақ үлгерімі жақсы
 - B) Әлеуметтік қалыпты тұлға
 - C) Кикілжіңнің орын алғанын қаламайды
 - D) Қоғамдық жүріс тұрыс нормаларын сақтамайды, қырсық
 - E) Айтқан тапсырмаларды уақытылы орындайды
 - F) Отбасындағы тәрбиеге бағынбайды
 - G) Ата анасымен көп қақтығысады
 - H) Ата анасын тыңдайды, тәртіпті
59. Антисоциалды іс-қимылдар:
- A) Тұлғаның мәдени қалыптарды сақтауы
 - B) Адамның әлеуметтік қалыптарға қарсы келуі
 - C) Адамның мәдени қалыптарға қарсы іс-қимылы
 - D) Құқықтық нормаларды бұзбау
 - E) Қоғамдық нормаларды сақтау
 - F) Адамның заңға қайшы іс-қимылы
 - G) Қоғамдық қалыпты бұзбау
 - H) Заңға бағынушылық
60. Ауыр өмірлік жағдайға душар болған балалардың мінез-құлқында орын алатын жай-күй
- A) Регенерация
 - B) Депрессия
 - C) Суицид
 - D) Деадаптация
 - E) Реадаптация
 - F) Адаптация
 - G) Альтуризм
 - H) Деградация

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма


Теория ретінде әлеуметтік педагогика – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасу, топты (бұқараны) басқару үдестерін, оларға ортаның ықпал етуі есебімен айқындайтын ұғымдардың, пайымдаулардың, заңдар мен заңдылықтардың жүйесі. Теория қоғамдық және педагогикалық практика дәлелдеген білімдер мен тұжырымдамалардың қисындап мазмұндалған жиынтығынан тұрады. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуы, топты басқару, олардағы әлеуметтік ауытқушылықтар проблемалары, олардың алдын алу және жеңу мүмкіндіктерінің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді.

Практика түріндегі әлеуметтік педагогика – бұл әлеуметтік-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік педагогтың балалармен мен топтардың әлеуметтік дамуына, оларды түзетуге және тәрбиелеуге, қайта тәрбиелеуге, алдын алуға, сондай-ақ, бұқараны басқаруға, оларды белгілі бір әрекеттерге жұмылдыру, саяси және басқа белгілі мақсаттарға жету бойынша диагностика және болжамдауға бағытталған қызмет.

61. Әлеуметтік педагогика теория ретінде _____

- A) Алдыңғы қатардағы дамыған елдер халықтарына білім алуда әлеуметтік көмек көрсетудің бірден бір жолы
- B) Жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасу, топты басқару үдестерін, оларға ортаның ықпал етуі есебімен айқындайтын ұғымдардың, пайымдаулардың, заңдар мен заңдылықтардың жүйесі.
- C) Педагогиканың оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне байланысты мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастыру.
- D) Әлеуметтік педагогтың адамдар мен топтардың әлеуметтік дамуына әсер етудегі кәсіби қызметі.
- E) Қайта тәрбиелеуге, алдын алуға, сондай-ақ, бұқараны басқаруға, оларды белгілі бір әрекеттерге жұмылдыру, саяси және басқа белгілі мақсаттарға жету бойынша диагностика және болжамдауға бағытталған қызмет.

62. Әлеуметтік педагогиканың теориясы мен практикасын тиімді жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагогтың атқаратын жұмыстары:




- A) 1
- B) 3
- C) 2
- D) 5
- E) 4

63. Жеке тұлғаның әлеуметтік ауытқушылық мәселелерін, оларды алдын алу және жеңу мүмкіндіктерінің табиғатын түсінуге мүмкіндік береді.

- A) Психология
- B) Филофия
- C) Әлеуметтану
- D) Өзін-өзі тану
- E) Әлеуметтік педагогика

64. Әлеуметтік педагогтың балалармен мен топтардың әлеуметтік дамуына әсер ету қызметі:



- A) 1
- B) 4
- C) 5
- D) 3
- E) 2

65. Практика түріндегі әлеуметтік педагогиканың жүзеге асыратын қызметтері _____ болып табылады.

- A) Ойнату, қызықтыру, жаттықтыру
- B) Тәрбиелу, оқыту, кеңес беру
- C) Жинақтау, дағыдыландыру, жаздыру
- D) Түзету, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу
- E) Дайындау, байланыстыру, үйрету

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ы.Алтынсарин жас өспірімдерге адамгершілік рухта тәрбие беру мақсатын ұстанды. Ол еңбек, адамды сүйе білу, кішіпейілдік, қарапайымдылық, үлкенді сыйлай, жолдастық т.б. әлеуметтік мәселелерге кең көңіл бөлді. Өзінің хрестоматиясында қазақтың төл әңгіме, аңыз ертегілеріне кеңірек орын беру арқылы ол ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре үйретуді көздеді. Ы. Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік потенциалы бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған жоқ. Ағартушы шығармаларының негізі – адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу болды. Оның пікірінше, осындай қасиеттер түгелдей бір адам бойында қалыптасқанда ғана парасаттылықпен біреуге жанашыр бола алады. Ы. Алтынсарин шығармаларының адам жанының небір түпкірлеріне үңілетін, адамгершілікке тұнып тұрған озық идеяларға толы. Оның ойынша оқытудың негізгі мақсаты-пән мазмұны бойынша ақпараттар беру ғана емес, жалпы іскерлікті, адамгершілік қасиеттерді қатар қалыптастыру болуы тиіс.

66. Ы. Алтынсарин шығармалары қандай тәрбиеге негізделеді?

- A) Эстетикалық
- B) Патриоттық
- C) Құқықтық
- D) Адамгершілік
- E) Экологиялық

67. Ы. Алтынсарин шығармаларының адам жанының небір түпкірлеріне үңілетін, адамгершілікке тұнып тұрған озық идеялары:

- A) Қырық мысал, Маса
- B) Кешенді оқыту жолдары
- C) Ұлттық құндылықтар, Жалпыадамзаттық құндылықтар
- D) Әдет, Сараңдық, Шешендік
- E) Рақым, Парыз, Бәсекелестік



68.

- A) 4
- B) 3
- C) 1
- D) 5
- E) 2

69. Ы. Алтынсарин еңбектерінде кең көңіл бөлген мәселелер:

- A) Дамытушылық
- B) Азаматтық
- C) Тәрбиелік
- D) Оқытушылық
- E) Әлеуметтік

70. Ы. Алтынсариннің әлеуметтік педагогикалық көзқарастары:

- A) Баланың дамуында отбасы тәрбиесінің маңызы
- B) Тұлғаның елжандылық тәрбиесіне көңіл бөлу
- C) Жасөспірімдерді жасерекшеліктеріне байланысты тәрбиелеу
- D) Мұғалімнің тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруы
- E) Жасөспірімдерге адамгершілік рухта тәрбие беру

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.